

26 – 28 наурыз, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE өтімділіктің бірінші, екінші, үшінші санатындағы бағалы қағаздардың 2025 жылдың сәуіріндегі тізімін [жасады](#).
- 01 сәуірден бастап KZGB_CPm1m және KZGB_DPm1m индекстерін есептеуге арналған [өкілдік тізімге](#) 62 атаудағы МБҚ кіретін болады.
- KASE ресми тізіміне “Аграрлық кредиттік корпорация” АҚ-тың [KZ2C00013522](#) (AGKKpp8) және [KZ2C00013639](#) (AGKKpp9), “Бәйтерек” ұлттық басқарушы холдингі” АҚ-тың [KZ2C00012268](#) (BTRKb20) облигациялары мен “Wardat al hayat” ИПИҚ-тың [KZPF00000900](#) (BCClwh) қорлары қосылды.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797NS22](#) (US152_2503) және [US912797MU86](#) (US157_2503) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- Эмитенттің бастамасымен KASE ресми тізімінен “ТехноЛизинг” ЖШС-ның KZ2P00008220 (THLZb5) және KZ2P00008238 (THLZb6) облигациялары [шығарылды](#).
- KASE-де “GoldFinMarket” ломбарды” ЖШС-ның [KZ2P00013584](#) (MFLGb9), “Қазақстанның орнықтылық қоры” АҚ-тың [KZ2C00012391](#) (KFUSb91) АО облигацияларымен және “Wardat al hayat” ИПИҚ-тың [KZPF00000900](#) (BCClwh) пайларымен сауда-саттық ашылды”.
- KASE-де “Қазақстан Тұрғын үй компаниясы” АҚ-тың [KZ2C00004356](#) (KZIKb28) облигацияларымен сауда-саттық уақытша тоқтатылды
- “BASS Gold” ЖШС-ның [KZ2P00013592](#) (FPSTb6) және “GoldFinMarket” ломбарды” ЖШС-ның [KZ2P00013584](#) (MFLGb9) облигациялары “таза” бағасымен” сауда-саттық режиміне көшірілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 30,0 млн МЕУКАМ [KZKD00001277](#) (MUM108_0015), 30,0 млн МЕУКАМ [KZKD00001251](#) (MUM072_0015), 7,6 млн МЕТИКАМ [KZKT00000032](#) (MTM060_0001), 61,1 млн МЕУКАМ [KZKD00000758](#) (MUM156_0005) және 60,0 млн МЕУКАМ [KZKB00000040](#) (MUX072_0003) орналастырды.
- Қазақстан Қаржы министрлігі МЕУКАМ [KZKD00001285](#) (MUM084_0020), МЕУКАМ [KZKD00001269](#) (MUM120_0020) және МЕУКАМ [KZKD00001152](#) (MUM132_0007) орналастырып, 196,5 млрд теңге тартты.
- Еуразия даму банкі KZ2D00013620 (EABRb53) үшжылдық облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- “R-Finance” микроқаржы ұйымы” ЖШС KZ2P00013063 (MFRFb16) облигацияларын орналастырып, 2,1 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- “Қазақстан Халық Банкі” АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) Жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- “Эйр Астана” АҚ 17-20 наурыз аралығында меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты [ұсынды](#).
- “Қазақстан даму банкі” АҚ XS2472852610, US48129VAA44 (BRKZe13) еурооблигацияларын сатып алуға ұсынатынын [хабарлады](#).
- “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясы” АҚ 2024 жылдың қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- “Қазақстан Халық Банкі” АҚ 2024 жылғы қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижесін [хабарлады](#).
- “BASS Gold” ЖШС Шынасыл-Сай кен орнын барлауға алған лицензиясының мерзімін 2030 жылға дейін ұзартқанын [хабарлады](#).

28.03.2025

KASE Индексі 5 646,39 Трендтер (%)
Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а

Tesla, Inc.	267,01	11,3	- 19,1
АО "Народный Банк Казахстана"	299,00	10,3	15,2
AT&T Inc.	28,15	4,9	3,9
АО "Казахтелеком"	46 990,00	1,3	5,6
The Coca-Cola Company	70,60	0,9	0,1
Apple Inc.	218,20	0,6	- 11,3
Intel Corporation	23,50	0,5	- 0,8
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 560,00	0,4	5,8
АО "КазТрансОйл"	807,99	- 0,1	1,1
АО "Кселл"	3 400,00	- 0,1	- 0,9
АО "KEGOC"	1 476,61	- 0,4	- 0,5
АО "ForteBank"	7,83	- 0,6	- 1,5
Advanced Micro Devices, Inc.	104,11	- 0,8	- 3,6
AltynGold plc	2 640,00	- 1,3	- 2,2
Microsoft Corporation	380,50	- 2,0	- 7,8
АО Kaspi.kz	48 800,00	- 2,0	- 7,8
Meta Platforms, Inc.	48 800,00	- 2,0	- 7,8
Pfizer Inc.	25,28	- 2,1	- 6,4
АО "Эйр Астана"	757,00	- 2,9	- 2,1
АО "Банк ЦентрКредит"	2 707,00	- 3,2	1,8
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	17 779,99	- 6,4	- 6,4
NVIDIA Corp.	112,20	- 7,0	- 12,3
PayPal Holdings Inc.	65,00	- 7,0	- 13,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Акциялардың жергілікті нарығында теріс динамика байқалды. Өткен аптада KASE индексі 5 646 тармаққа дейін 0,1%-ға төмендеді.

Ең көп өсуді Халық Банкінің акциялары көрсетті, олар 2024 жылғы қаржылық нәтижелер жарияланғаннан кейін бір аптада 10%-ға қымбаттады. Таза пайда 32,8%-ға ұлғайды, бұл кредиттеу мен транзакциялық бизнестің айтарлықтай өсуімен түсіндіріледі. 2024 жылғы пайыздық кіріс 2023 жылмен салыстырғанда ең алдымен орташа мөлшерлеменің ұлғаюы және кредиттік портфельдің өсуі есебінен 30,0%-ға өсті. Сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі бір жай акция үшін 29,64 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді ұсынды. Дивиденд төлеу басталатын күн – 22 мамыр, акционерлер тізімін кесіп алатын күн – 2025 жылғы 5 мамыр.

KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары теріс динамика көрсетті. Kaspi.kz акциялары 2,0%-ға, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 2,3%-ға төмендеді.

Осы уақытта ҚазМұнайГаз 2024 жылғы қызметінің қаржылық есептілігін ұсынды. Таза пайда 18,1%-ға өсіп, 1,1 трлн теңгені құрады. Компанияның жиынтық активтері 11,8%-ға артып, 18,9 трлн теңгеге жетті, ал меншікті капитал 14,7%-ға – 11,9 трлн теңгеге дейін өсті. Мұнай гигантының акциялары 0,4%-ға өсті.

ҚазТрансОйл акцияларының қарқыны керісінше болды, 1 акция үшін 808 теңге болып, 0,1%-ға бәсеңдеді.

Эйр Астана сатып алу бағдарламасы аясында 139 мың акция мен 7 мың жаһандық депозитарлық қолхатты сатып алғанын хабарлады. Мәмілелердің жалпы сомасы \$266 мың болды, акциялардың орташа бағасы 774 теңгеден 876 теңгеге дейін, ал ЖДҚ \$6,2-ден \$6,3 дейін ауытқып тұрды. Осыған қарамастан, компанияның акциялары 757 теңгеге дейін төмендеп, бір аптада 3% жоғалтты.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ақша нарығында TONIA біркүндік репосын тарту мөлшерлемесі көтеріліп, аптаның қорындысы бойынша жылдық 16,17%-ды құрады. АҚШ долларындағы біркүндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір аптада жылдық 11,95%-ға дейін артты.


Инфляция және пайыздық мөлшерлемесі



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Ақпан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,7%-ға, бір АҚШ доллары үшін 499,09 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 227 млн АҚШ долларынан 237 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпан айында Ұлттық қордан 600 млн АҚШ доллары көлемінде валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 13%-ын немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк наурыз айында Ұлттық қордан 700-800 миллион АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп болжанған.

Айналау операциялары аясында ақпанда 250 млрд теңге стерильденді. Наурыз айында осы мақсатта 250 млрд теңгеге жуық көлемде валюта сатылады деп күтіледі.


Ұлттық Банк ақпан айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің осы норма шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі 274 млн АҚШ доллары шамасында болды.

Наурыз айында БЖЗҚ зейнетақы активтерін сатып алудың жоспарланған көлемі 250 млн АҚШ долларынан аспайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 580,94	-1,4	-6,3	6,2	-1,7
Dow Jones	41 583,90	-0,9	-4,3	4,5	-1,1
PTC	1 139,02	-5,3	-5,2	1,0	
MMBB	3 025,65	-6,1	-7,6	-8,7	
Hang Seng	23 426,60	-3,3	-1,5	41,6	-0,7
SS CSI 300	3 915,17	-1,5	-1,1	11,2	0,2
Euro Stoxx 50	5 331,40	-2,2	-3,6	4,9	-1,9
FTSEuroFirst	5 892,50	-2,2	-3,2	7,9	-0,9
FTSE 100	8 658,85	-0,5	-0,8	8,9	0,0
KASE	5 646,39	-0,1	1,2	12,1	

Шикізат нарығы

28.03.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	73,63	2,3	1,5	-15,8
Мұнай (WTI)	69,36	1,6	1,1	-16,6
Табиғи газ	4,07	2,3	4,1	130,6
Мыс	513,00	0,9	13,0	28,0
Темір	790,00	2,2	-4,2	-3,2
Алтын	3 085,12	1,3	5,8	38,4
Күміс	34,81	3,0	7,9	39,7
Астық	528,25	-5,2	-6,7	-5,7

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
31.03	Германиядағы тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ай/ай) (наурыз)	EUR	0,3%	0,4%
01.04	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (наурыз)	EUR	2,2%	2,3%
01.04	Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (наурыз)	USD	49,8	52,7
01.04	ISM ұсынған Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (наурыз)	USD	49,6	50,3
01.04	JOLTS еңбек нарығында ашылған бос орындар саны (ақпан)	USD	7,730M	7,740M
02.04	ADP ұсынған Ауылшаруашылығынан басқа секторлардағы қызметпен айналысушылар санының өзгеруі (наурыз)	USD	118K	77K
03.04	Қызмет көрсету секторындағы Іскерлік белсенділік индексі (PMI) (наурыз)	USD	54,3	51,0

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	9,4%	01.03.25	8,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	47,9	01.03.25	47,2
Ақша базасы, млрд KZT	13 662,6	01.03.25	14 012,2
Ақша масса, млрд KZT	44 674,6	01.03.25	44 684,1

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдаулардың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.